



«Бекітемін» 
№6 «Ақкөгершін»
бөбекжай-балабақшасының
менгерушісі А.Ж.Тайпетова

«Келісемін» 
№6 «Ақкөгершін»
бөбекжай-балабақшасының
әдіскері: Г.Н.Маметкереева

МКҚК №6 «Ақкөгершін» бөбекжай-балабақшасы
№7 «Айгөлек» кіші тобы
2023-2024 оқу жылының
Перспективалық жлспары

Тәрбиешілері: Бурантаева А.Т.
Сырымбетова Н.Ө

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары мен
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары негізінде
2023/2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған қызметтің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы «Ақкогершін» бөбекжай-балабақшасы

Топ/сынып «Айгөлек» кіші жас тобы

Балалардың жасы – 2 жастағы балалар

Жоспар қай кезеңге жасалды – қыркүйек

Ұйымдастырылған қызмет	Ұйымдастырылған қызмет міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар: Жүру. Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен жүру. Тене-теңдік сақтау жаттығулары. Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20–25 сантиметр, ұзындығы 2–2,5 метр) жіптің бойымен жүру. Жүгіру. Біркалыпты, шашырап, берілген бағытта жүгіру. Еңбектеу, өрмелеу. Шектеуді жазық бойынша төрттағандап (алақанымен, тізмен тіреп) еңбектеу. Домалату, лақтыру. Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта (төмен, жоғары) лақтыру. Секіру. Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге үйрету. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтере білуді үйрету. Оңға – солға бұрылу. Орнында жүру. Қимылды ойындар. Балаларды мұғаліммен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қаралайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Спорттық жаттығулар. Үш дөңгелекті велосипедке отыруға үйрету.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды (шуыл, ызын және үнді дыбыстардан басқа) нақты айтуға үйрету. Сөздік қорды қалыптастыру. Балалардың белсенді сөздігін ойыншықтардың аттарын білдіретін зат есімдермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есімнің көпше түрлерін қолдана білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға үйрету.</p>
Көркем әдебиет	<p>Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету.</p>
Сенсорика	<p>Заттарды қолдану дағдысын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйеніп отырып, тапсырмаларды орындау.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Бала, оның отбасы, үйі. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тану. Өзінің есімін және жасын атау, үйін және пәтерін тану, отбасы мүшелерінің аттарын атау. Заттық әлем. Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Көлік. Көлік туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Еңбекке баулу. Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету. Адамгершілік тәрбиесі. Басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға баулу. Табиғат әлемі. Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен</p>

	таныстыру. Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп) мен жемістерді (алма, алмұрт) ажырату.
Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Бояу жағу әдісіне үйрету.
Мүсіндеу	Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру.
Жапсыру	Материалдың (қағаз) қасиеті туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қаранайым әдістеріне (ұсақтау, жырту, бүктеу) үйрету.
Құрастыру	Балаларды детальдармен (текше, кірпіш, үш қырлы призма, пластина, цилиндр) таныстыру.
Музыка	Музыка тыңдау. Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу. Әп айту. Әндердің жеке буындары мен сөздерін айта білуге үйрету. Музыкалық-ырғақты қимылдар. Музыкамен шеңбер бойымен жүру және жүгіру дағдыларын жетілдіру.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары мен
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары негізінде
2023/2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған қызметтің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: №6 «Ақкөгершін» бөбекжай балабақшасы

Топ/сынып : №7 «Айгөлек» кіші жас топ

Балалардың жасы : 2 жастағы балалар

Жоспар қай кезеңге жасалды : қазан

Айы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
	Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар: (1- 2 апта) Еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкпеге қою; табандарды бүгу жазу, қатарында тұрған -отырған адамға қолындағы затты бере отырып, тұлғасын оңға-солға бұру. Негізгі қимылдар: Жүру. Бағдар бойынша жүру (кілемнің бойымен, жіпке дейін) кедергілерден аттап жүру 2) жүгіру. Белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі 20 м дейін, шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен, бағытты өзгертіп, 30-40 сек бойына үзіліссіз жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу; 3) секіру. Алға қарай ұмтыла екі аяқтап секіртпемен, лентамен еденде 10-20 см қашықта (2 арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан секіру. 4) Еңбектеу, өрмелеу . Кедергілі жазықтың бетімен , еңіс тақтайдың үстімен, жол бойымен, әр түрлі заттардың: доғаның, орындық, үстел, арқанның астымен нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Музыкалық-ырғақтық жаттығулар: Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында таныс дене жаттығуларын орындау Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Шынықтыру шараларын жүргізу. Тыныс алу жаттығуларын жүргізу. Күтілетін нәтижелер: Негізгі қимыл түрлерін орындайды</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар. (3-4 апта) Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айкастыру және екі жаққа жазу. Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бүгу және ашу. Негізгі қимылдар : Жүру. Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру, шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру. Мәдени-гигиеналық дағдылар Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен</p>

күргатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру.

Сауықтыру-шынықтыру шаралары:

Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Жыл бойы медицина қызметкерінің жетекшілігімен балалардың денсаулығы мен жергілікті жағдайлар ескеріліп, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.

Дербес қимыл белсенділігі.

Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын менгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.

Спорттық жаттығулар:

велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедке отырғызу, ересектердің көмегімен және көмегісіз түсіру, ересектердің көмегімен және өзбетімен рөлді басқару

Қимылды ойындар.

Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру).

Сөйлеуді дамыту

Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. (1-2 апта)

1)Дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін

2)**Сөздік қор.** Балаларды заттардың қасиеттері мен олармен әрекеттердің атауын айтуға, тілдік қарым-қатынасқа, ауызша сөйлеуге, зат есімдерді, сын есімдерді қолданып, заттарды (киімдер, ыдыстар) сипаттауға үйрету.

3)**Тілдің грамматикалық құрылымы.** Балаларды педагогтің сөзін түсінуге, сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдерді етістіктермен, сын есімдермен бірге қолдануға, зат есімнің көпше түрін пайдалануға, сөздерді дұрыс айтуды ескере отырып, сөз тіркестерін (сын есім + зат есім, зат есім + етістік) құрауға үйрету.

4) **Байланыстырып сөйлеу.** Балаларды ересектердің сөзін тыңдай білуге; ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту; қарапайым (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және бірте-бірте күрделі (Нені ұстады? Нені әкеледі?) сұрақтарға жауап беруге, көркем сөзді эмоционалы қабылдауды, балалар әдебиеті шығармаларының бейнесін және мазмұнын түсінуге, қысқа тақпақтар мен санамақтарды жатқа айта білуге үйрету.

Міндеттері: (3-4 апта)

Көрнекілікке сүйенбей айналасындағылардың сөзін түсіну қабілетін дамыту;

Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.

Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету.

Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс

	<p>алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету.</p> <p>Сөздік қорды қалыптастыру. Балалардың сөздік қорын: ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен;</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру, сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік), сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру.</p>
Көркем әдебиет	<p>Ертегі, әңгіме кейіпкерлеріне, оқиғаларға жанашырлық білдіруді; (1-2 апта)</p> <p>мереке туралы қуаныш, мақтаныш сезімдері берілген қысқа тақпақтарды жаттауды;</p> <p>Таныс шығармалардың қарапайым мазмұндарын ойнап көрсетуді;</p> <p>Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. (3 – 4 апта)</p>
Сенсорика	<p>Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау; (1-2 апта)</p> <p>Қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.</p> <p>Түрлі сенсорлық әсерлермен байыту; (2 – 3 апта)</p> <p>Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.</p>
Құрастыру	<p>Құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды қолдана отырып, оларды ойнату және тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинастыру пішіні, түсі, көлемі, қолданысы бойынша заттарды топтастырады және таңдайды; (1-2 апта)</p> <p>Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру. (3 -4 апта)</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (танауы, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету. Көкөністер мен жемістер туралы (қызанақ, қияр, алма) қарапайым</p>

		<p>түсініктерін қалыптастыру; (1-2 апта)</p> <p>«Мен» бейнесі. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тану. (3 -4 апта)</p>
	Сурет салу	<p>Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту. Бояулармен жұмыс жасау; (1-2 апта)</p> <p>Материалға ұқыпты қарауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету; Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. (3 -4 апта)</p>
	Мүсіндеу	<p>Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру; (1-2 апта)</p> <p>Сазбалшықпен, ермексазбен жұмыстың бастапқы дағдыларына ие;</p> <p>Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру. (3 – 4 апта)</p>
	Жапсыру	<p>Фланелеграфта бейнелеуді (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету. (1 – 2 апта)</p> <p>фланелеграфта қарапайым композицияларды орналастырады және құрастырады;</p> <p>Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. (3-4 апта)</p>
	Музыка	Маман жоспар бойынша

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023/2024оқу жылына арналған
ұйымдастырылған қызметтің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Ақкөгершін» бөбекжай-балабақшасы

Топ/сынып: «Айгөлек» кіші тобы

Бала жасы: 2 жастағы балалар

Кезеңі: қараша

Ұйымдастырылған қызмет	Ұйымдастырылған қызметтің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар Жүру. Әр түрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап жүру.</p> <p>Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Сыммен, гимнастикалық орындықпен жүру.</p> <p>Жүгіру. Берілген бағытта әртүрлі қарқынмен жүгіру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Шектелген жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен жүру, доғаның астынан төрт тағандап еңбектеп өту қабілетін дамыту.</p> <p>Домалату, лақтыру. Әр түрлі қалыпта тұрып допты екі қолмен лақтыру қабілетін дамыту; допты нысанаға дәлдеп лақтыруды үйрету.</p> <p>Секіру. Алға қарай ұмтыла екі аяқпен секіруді үйрету.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. Алға және екі жаққа еңкею.</p> <p>Қимылды ойындар. Балалардың педагогпен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру.</p> <p>Спорттық жаттығулар. Үш дөңгелекті</p>

	<p>велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен түсуді үйрету. Шынықтыру рәсімдерін жүргізу.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды (шуыл, ызың және үнді дыбыстан басқа), еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2–4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету.</p> <p>Сөздік қорды қалыптастыру. Балалардың сөздік қорын ойыншық, киім, аяқкиім атауларын білдіретін зат есімдермен; ойын, ойын жаттығулары арқылы байыту.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдана білуге үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) жауап беруге үйрету.</p>
Көркем әдебиет	<p>Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету.</p>
Сенсорика	<p>Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>«Мен» бейнесі. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тану.</p> <p>Заттық әлем. Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану.</p> <p>Көлік. Көліктер туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.</p> <p>Еңбекке баулу. Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету.</p> <p>Адамгершілік тәрбиесі. Дәрекілікке,</p>

	сарандыққа теріс көзқарас қалыптастыру. Табиғат әлемі. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп) мен жемістерді (алма, алмұрт) ажырату.
Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Бояу жағу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеуге үйрету.
Мүсіндеу	Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру. Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін, кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алуды үйрету
Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету
Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыруды жалғастыру
Музыка	Музыка тыңдау. Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу. Ән айту. Ересекпен қосылып ән айтуды дамыту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша жүгіру дағдысын қалыптастыру. Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023/2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы №6 «Ақкөгершін» бөбекжай-балабақшасы

Топ/сынып: «Айгөлек» кіші тобы

Бала жасы: 2 жастағы балалар

Кезеңі: желтоқсан

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар. Жүру. Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап жүру. Тене-теңдік сақтау жаттығулары. Гимнастикалық скамейканың үстімен жүру, заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге). Жүгіру. Заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, бірінің соңынан бірі жүгіру. Еңбектеу, ормелеу. Гимнастикалық скамейканың астынан, әртүрлі заттардың астынан төрттағандап еңбектеп өтуді дамыту. Домалату, лақтыру. Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта (төмен, жоғары) лақтыруды; допты отырып домалатуды дамыту. Секіру. Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге, алға қарай ұмтыла секіруге үйрету. Жалпы дамытушы жаттығулар. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. Алға және екі жаққа ескею. Қимылды ойындар. Балаларды оның барысында негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіретін ойындарды ойнай білуді дамыту. Спорттық жаттығулар. Балаларды үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге үйрету. Ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға ықылас танытуға баулу Шынықтыру процедураларын жүргізу</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету. Сөздік қорды қалыптастыру. Ойындар мен ойын жаттығулары арқылы балалардың белсенді сөздігін ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жемістердің атауларын білдіретін зат есімдермен байыту жұмысын жалғастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есімнің көпше түрін қолдана білуді қамыту. Байланыстырып сөйлеу. Балаларды қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге үйрету.</p>

Көркем әдебиет	Балалардың кітапқа деген қызығушылығын дамыту, бесік жырларын тыңдауға баулу
Сенсорика	Заттарды қолдану дағдыларын, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды дамыту
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Бала, оның отбасы, үйі. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тану. Өзінің есімін және жасын, отбасы мүшелерінің аттарын атау.</p> <p>Заттық әлем. Заттарды және олармен әрекеттерді атай білу қабілетін дамыту, оларды суреттерден тану.</p> <p>Көлік. Көлік туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру жұмысын жалғастыру.</p> <p>Еңбекке баулу. Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету.</p> <p>Адамгершілік тәрбиесі. Дорекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру.</p> <p>Табиғат әлемі. Жақын қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыруды жалғастыру. Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп) мен жемістерді (алма, алмұрт) ажырату. Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.</p>
Сурет салу	Жағынды жағу қабілетін, осы қимылды ырғақты қайталай отырып (жаңбыр, қар, жапырақ түсуі) тұзу, толқын тәрізді және тұйық дөңгелек сызықтарды жүргізе білуді дамыту
Мүсіндеу	Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін: кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеуге үйрету.
Жапсыру	Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету
Құрастыру	Қарапайым құрылысты үлгі бойынша салуға үйрету, өз бетінше бір нәрсе салуға деген ұмтылысты қолдау
Музыка	<p>Музыка тыңдау. Баяу және көтеріңкі дыбысты ажырата білуге үйрету.</p> <p>Ән айту. Сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</p> <p>Қарапайым би қимылдарын жетілдіру: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу.</p>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023/2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған қызметтің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы №6 «Ақкогершін» бобекжай-балабақшасы

Топ/сынып: «Айгөлек» кіші жас тобы

Бала жасы: 2 жастағы балалар

Кезеңі: қаңтар

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекет міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар. Жүру: Сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.</p> <p>Тепе-теңдікті сақтау. Қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20–25 сантиметр жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттан өтуге үйрету.</p> <p>Жүгіру. Түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шаппаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру, 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру, орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; есіпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеуді жалғастыру.</p> <p>Секіру. Секіру дағдысын дамыту: аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен, оң және сол жақта кезек-кезек секіру.</p> <p>Лақтыру, домалату, қағып алу. Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату; заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес), допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта).</p> <p>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру дағдысын дамыту.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою. Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Қатарынан 4–5 рет жартылай отыру.</p> <p>Қимылды ойындар. Таныс ойындарды ұйымдастыруда</p>

	<p>бастамашылдық, дербестік таптыуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді: жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілікті дамыту.</p> <p>Спорттық жаттығулар. Шанамен сырғанау: төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекітуді жетілдіру, әр түрлі әрекеттер кезінде сыбыс, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру.</p> <p>Сөздік қор. Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға баулу.</p>
Өркем әдебиет	<p>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.</p>
Қазақ тілі	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ө, к, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.</p> <p>Сөздік қор. Күнделікті өмірде қолданылатын адам денесінің бөліктері мен табиғат құбылыстарының атауларын білдіретін сөздердің мағынасын дұрыс айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Бұрын зерттелген кейбір тұрмыстық заттардың, жемістердің, көкөністердің, жануарлардың, құстардың сөздерін қайталаңыз.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. 2–3 сөзден тұратын қарапайым сөйлемдер құра білуге үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Педагог үлгісі бойынша ойыншықтарды сипаттауға үйрету.</p>
Математика негіздері	<p>Жиын. Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұлпен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.</p> <p>Сан, санау. Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру.</p> <p>Шама. Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі түрлі және бірдей затты салыстыра білу дағдысын жетілдіру жұмыстарын</p>

	<p>жалғастыру.</p> <p>Геометриялық фигуралар. Геометриялық фигураларды (доңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және геометриялық денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, осы фигуралардың пішіндерін зерттеуді үйрету.</p> <p>Кеңістігі бағдарлау. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-томен) қабілетін жетілдіру бойынша жұмысты жалғастыру.</p> <p>Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.</p>
<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Бала, оның отбасы, үй. Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мен мектепке барамын, мектепте қызықты, мен жақсы оқитын боламын, көп нәрсе үйренемін). Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір-қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу.</p> <p>Заттық әлем. Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру.</p> <p>Байланыс және қозғалыс құралдары. Көлік түрінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көлік) ажырата білу, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы) білу, телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білу.</p> <p>Еңбекке баулу. Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету: нан салғыштарды, кружжаларды, тәрелкелер мен майлыктарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар) ретімен қою. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару, жапырақтарды жинау, ауладағы гүлдерді суару, қыстайтын құстарды қоректендіру.</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу. Отан қорғаушылар, Қазақстан Республикасының әскері туралы ұғымдарын кеңейту. Отанды сүйуге, патриотизмге тәрбиелеу.</p> <p>Жолда жүру ережелері. Бағдарнам белгілері, көшеде, өткелде жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.</p> <p>Өлі табиғат құбылыстары мен заттары. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсеті, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға</p>

	<p>айналды), ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау.</p> <p>Өсімдіктер әлемі. Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау.</p> <p>Жануарлар әлемі. Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту.</p>
Сурет салу	<p>Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа.</p>
Мүсіндеу	<p>Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Мүсіндеу кезінде үзін алу, қысу, тарту, басу, созу, домалату әдістерін қолдану.</p>
Жапсыру	<p>Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.</p>
Құрастыру	<p>Қағаздан құрастыру дағдысын жетілдіру жұмысын жалғастыру: қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру.</p>
Музыка	<p>Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету: ақырын, қатты, баяу, жылдам.</p> <p>Ән айту. Әуенді таза айтуға, сөз тіркестерінің соңын жұмсартуға, сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе отырып, мәнерлеп ән айтуға үйрету; жоғары және төмен дауыспен, дауысты және есту қабілетін дамыту үшін қол қимылдарын көрсету.</p> <p>Музыкалық-ырғақты қимылдар. Қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерте білу.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау, ересектердің әртүрлі музыкалық және шулы аспаптарда ойнауын тыңдау қабілетін жетілдіру.</p> <p>Би. Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту.</p>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023/2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған қызметтің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы №6 «Ақкөгершін» бобекжай-балабақшасы

Топ/сынып: «Айгөлек» кіші жас тобы

Бала жасы: 2 жастағы балалар

Кезеңі: ақпан

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекет міндеттері
<p align="center">Дене шынықтыру</p>	<p>Негізгі қимылдар Жүру. Әртүрлі бағытта шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру.</p> <p>Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге): тұру, қолдарын жоғары көтеру, түсу.</p> <p>Жүгіру. Бағытты өзгертіп, шашырап, бірінің соңынан бірі (20 метр дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Биіктігі 10 сантиметр, ауданы 50 x 50 сантиметр модульге өрмелеу қабілетін дамыту.</p> <p>Домалату, лақтыру. Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5–1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру; отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан доптарды домалату.</p> <p>Секіру. 10–15 сантиметр биіктіктен секіру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бұғу және жазу. Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру.</p> <p>Қимылды ойындар. Балаларды қимылды ойындар ойнауға ынталандыру.</p> <p>Спорттық жаттығулар. Шанамен сырғанау: шанаға отырып, төбешіктен сырғанауға, пананы жібінен сүйретуге, ойыншықтарды шанамен сырғанатуға үйрету.</p> <p>Шынықтыру рәсімдерін жүргізу</p>
<p align="center">Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету.</p> <p>Сөздік қорын қалыптастыру. Балалардың белсенді сөздігін еңбек әрекеттерін білдіретін етістіктермен байыту: жуу, суару, құю.</p> <p>Сөйлеудің грамматикалық құрылымы. Өткен шақ түрінде сын есімді зат есіммен және етістікпен үйлестіру қабілетіне үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Балаларды кітаптардағы суреттерді карауға бауду, оларды таныс заттарды атауға шақыру, мұғалімнің</p>

	отініші бойынша көрсету
Көркем әдебиет	Балаларға таныс өлеңдердің сөздерін, сөз тіркестерін түгел айтуға мүмкіндік беру
Сенсорика	Көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біртекті заттарды топтастыру қабілетін жетілдіру
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Бала, оның отбасы, үйі. Өз үйін, пәтерін тану қабілетін дамыту.</p> <p>Заттық әлем. Белгілі бір объект үшін нақты әрекеттерді орындауға машықтану (донтты айналдыру, машинаны итеру, қуыршақты жайып салу, пирамиданы құрастыру және бөліктеу, бір текшені екіншісіне орнату).</p> <p>Көлік. Көлік, көше, жол туралы түсініктерді жетілдіру.</p> <p>Еңбекке баулу. Ересектердің жұмысына қызығушылық таныту. Балалардың ересектердің еңбегін бақылау шеңберін кеңейту.</p> <p>Адамгершілік тәрбиесі. Бірге ойнауды, басқа балалармен бірге ойнауды, бір-біріне көмектесуді және бірге жетістіктерге, әдемі ойыншықтарға қуануды үйрету.</p> <p>Табиғат әлемі. Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың төлдерімен (козы, лақ, бота), аңдармен (аю, қасқыр, қоян) және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.</p>
Сурет салу	Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру
Мүсіндеу	Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу
Жапсыру	Бейнелерді қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету
Құрастыру	Үлгі бойынша қарапайым ғимараттар салу қабілетін дамыту, өз бетінше бір нәрсе салуға деген ұмтылысты қолдау; қосымша сюжеттік ойыншықтарды, ғимараттардың пропорционалды масштабтарын (кішкентай гараждарға арналған шағын машиналар) қолдана білуге үйрету
Музыка	<p>Музыка тыңдау. Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу.</p> <p>Ән айту. Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Қарапайым би қимылдарын жетілдіру бойынша жұмысты жалғастыру; айналу; денені бұру, басты иіп, қолдарды сермеу.</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары мен
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары негізінде
2023/2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған қызметтің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: №6 «Ақкогерінін» бөбекжай балабақшасы
Топ/сынып : №7 «Айгөлек» кіші жас топ
Балалардың жасы : 2 жастағы балалар
Жоспар қай кезеңге жасалды : наурыз

Айы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</p> <p>Негізгі қимылдар : Домалату, лақтыру. Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы калыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру; отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдылар Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою, келтіру.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі. Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.</p> <p>Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету.</p> <p>Қимылды ойындар. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру).</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Міндеттері: Түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аударатын отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.</p> <p>Сөздік қорды қалыптастыру. Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды саяхатшылыққа баулу, балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тыңдатуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы.</p>

<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Бала, оның отбасы, үйі. Бір-бірін атымен атай білуге, достарының атын есте сақтауға үйрету Заттық әлем. Баланың бақылауы мен түсінуіне қол жетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдану. Көлік. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру. Еңбекке баулу. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Адамгершілік тәрбиесі. Жакын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға баулу. Табиғат әлемі. Өлі табиғат (су, құм, тас, қар) және олармен әрекет ету түрлері (су құю, құм тасу, төгу, жинау, мүсіндеу, қарды домалату, тасты жинау, қалау) туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнау және эксперимент жасау. «Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен, серуенде және сумен, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (лас суды ішпеу, құмды шашпау, тастарды лақтырмау) таныстыру, өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік таныту және қамқорлық жасау.</p>
<p>Сурет салу</p>	<p>Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстауға, суреттің қарапайым элементтерін қағаз бетінде жеңіл жүргізуге үйрету.</p>
<p>Мүсіндеу</p>	<p>Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.</p>
<p>Жапсыру</p>	<p>Фланелеграфта геометриялық фигураны, машинаны, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру.</p>
<p>Құрастыру</p>	<p>Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою.</p>
<p>Музыка</p>	<p>Музыка тыңдау. Музыкалық пьесаларға қызығушылықты ояту, музыканы есте сақтау, пьеса кейіпкерлерін тану дағдыларын қалыптастыру. Ән айту. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракасмен) орындау дағдысын дамыту.</p>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары негізінде 2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған қызметтің перспективалық жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы

Білім беру ұйымы _ «Аққоғершін» бобекжай-балабақшасы

Топ/сынып: «Айгөлею» кіші жас тобы

Бала жасы: 2 жастағы балалар

Кезең: сәуір.

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекет міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар: Жүру. Жаяу жүру дағдыларыңызды жетілдіруді жалғастыру. Тепе-теңдік жаттығулары. Тақтада 20 сантиметр қашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталар, текшелер және т.б.) адымдап, орнында баяу айналдыра отырып жүруге үйрету. Жүгіру. Жаяу жүруден жүгіруге және керісінше қалай өту керектігін үйрету. Еңбектеу, өрмелеу. Өртүрлі объектілерге өрмелеу дағдыларын жетілдіру. Домалату, лақтыру. Допты 0,5-1,5 метр қашықтықтан нысанаға лақтыру дағдыларын жетілдіру. Секіру. Өртүрлі заттардың үстінен секіру қабілетін арттыру. Жалпы дамытушы жаттығулар. Тіректен ұстап отырып тұру, аяқ ұшымен тұрып тартылу. Аяқты өкшемен алға қою. Аяқ саусақтарын қимылдату (отырған калыпта). Қимылды ойындар. Балалардың тәрбиешімен бірге таза ауада ойын ойнауға құштарлығын дамыту. Спорттық жаттығулар. Үш аяқты велосипед тебуді үйрену. Шынықтыру процедураларын жүргізу.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Дыбыстық сөйлеу мәдениеті. Дауыс аппаратын дамыту жұмыстарын жалғастыру, сөйлеу жылдамдығын, дауыстың биіктігі мен күшін ескере отырып, дыбыстардың, сөздердің және сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, артикуляциялық жаттығулар жасау. Сөздік қорын қалыптастыру. Заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдер арқылы балалардың белсенді сөздік қорын байыту. Сөздің грамматикалық құрылымы. Көпше түрдегі зат есімдерді дұрыс қолдана білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Байланыстырып сөйлеуді дамыту бойынша жұмысты жалғастыру.</p>
Көркем әдебиет	<p>Балалардың назарын баланың өз бастамасымен кітап қарап жатқанына аудару. Балалармен бірге балалар әдебиеті шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Суреттердің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру қабілетін дамыту.</p>
Сенсорика	<p>Бір-біріне ұқсамайтын заттарды түсі, пішіні, өлшемі бойынша салыстыра білуге, заттардың санын (бір – көп) ажырата білуге үйрету, берілген 3–4 ықтимал сенсорлық қасиеттерге байланысты таңдау жасай отырып, әртүрлі көлемдегі заттарды атауға үйрету.</p>

	<p>Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру, сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік), сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру.</p> <p>Байланыстырып сойлеу. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді қорықпай сүйемелдеуіне тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету.</p>
Көркем әдебиет	Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру.
Сенсорика	<p>түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту;</p> <p>Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау.</p>
Құрастыру	Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау.
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лак, бота), аңдармен (аю, қасқыр, қоян) және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.</p> <p>Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: қар, жаңбыр, жел.</p>
Сурет салу	Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды уағдалау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау.
Мүсіндеу	Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу.
Жапсыру	Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.
Музыка	Маман жоспар бойынша

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары негізінде 2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған қызметтің перспективалық жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары

Білім беру ұйымы: «Ақкогершін» бобекжай-балабақшасы

Топ/сынып: «Айгөлек» кіші жастағы топ

Балалардың жасы: 2 жастағы балалар

Кезең: мамыр

Ұйымдастырылған қызмет	Ұйымдастырылған қызметтің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар. Жүру. Жүру дағдыларын жетілдіру бойынша жұмысты жалғастыру. Тене-теңдік сақтау жаттығулары. Тактайдың үстімен 20 сантиметр арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүру, орнында баяу айналу. Жүгіру. Жүруден жүгіруге және керісінше ауысуды дамыту. Еңбектеу, ормелеу. Әр түрлі заттарға өрмелеу дағдыларын жетілдіру. Домалату, лақтыру. 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату. Секіру. Әр түрлі заттардан секіру қабілетін жетілдіру. Жалпы дамыту жаттығулары. Қол жаттығуларын бекіту, арқа бұлшықетін іш және аяқ бұлшықеттерін дамыту және нығайту. Қимылды ойындар. Балалардың мұғаліммен бірге қимылды ойындар ойнауға деген ұмтылысын дамыту. Спорттық жаттығулар. Үш дөңгелекті велосипедке отыру қабілетін дамыту. Шынықтыру рәсімдерін жүргізу</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау. Сөздік қорды қалыптастыру. Қазақ халқының ұлттық дәстүрлерімен таныстыру, балаларды бесікпен таныстыру, балаларға ұйықтар алдында күн сайын бесік жырын тыңдау, қуыршақ ойнау және оған бесік жырын айту әдетін сіңіру. Ересектердің бүкіл топтың балаларына деген сүйіспеншілігін білдіру. Балалардың ауызша сөйлеуінде игерілген сөздерді өз бетінше қолдануға ықпал ету. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сын есімдерді тек және жекеше зат есімдермен үйлестіру қабілетіне үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Байланыстырып сөйлеуді дамыту бойынша жұмысты жалғастыру.</p>
Көркем әдебиет	<p>Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді жетілдіру</p>
Сенсорика	<p>Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атауды дамыту.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Бала, оның отбасы, үйі. Бір-бірін атымен атай білу, достарының аттарын есте сақтау қабілетін дамыту. Заттық әлем. Баланың байқауы мен түсінуіне қолжетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін бейнелеу пәндік-ойын әрекеттерін қолдану қабілетін дамыту.</p>

	<p>Көлік. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыруды жалғастыру.</p> <p>Еңбекке баулу. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау.</p> <p>Адамгершілік тәрбиесі. Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту).</p> <p>Табиғат әлемі. «Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен, серуенде және сумен, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (лас суды ішпеу, құмды шашпау, тастарды лақтырмау) таныстыру, өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік таныту және қамқорлық жасауды таныстыру. Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін біледі. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру.</p>
Сурет салу	Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтер ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу
Мүсіндеу	Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.
Жапсыру	Фланелеграфта геометриялық фигураны, машиналарды, үйлерді, доптарды шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру.
Құрастыру	Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекітуді жетілдіру: үстіне, жанына қою.
Музыка	<p>Музыка тыңдау. Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, дабыл, маракас), оның ішінде халықтық (асатаяқ, сырнай) дыбыстарымен таныстыру.</p> <p>Ән айту. Ересектермен бірге әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық фразалардың аяқталуын, ересек адамның дауысы мен аспаптың интонациясына бейімделу қабілетін дамыту.</p> <p>Музыкалық-ырғақты қимылдар. Музыканың қарқыны мен әннің мазмұнына сәйкес қозғалыс сипатын өзгертуге үйрету.</p>